In the article the author puts forward the philosophical problem of the correspondence of architectural constructive forms to the internal logic of the development of the architectural space and to the harmonious development of the external world. To solve this philosophical question, the author suggests that architecture be considered not only as one of the forms of philosophical worldview, but also as a metaphor and paradigm of the universe. The philosophy of architecture through the transformation of artistic style and engineering designs has a special impact on the aesthetic spiritual world of man. The philosophy of architecture is both beautiful in appearance, and substantial inward, beautiful, convenient and light spatial form. Any process of research in the architecture of its traditions is associated with studying the features of the architecture of a particular era, as well as exploring the philosophy of space formation, revealing the ontological and epistemological aspects of architectural forms.

Key words: consonance of philosophy and architecture, philosophy of architecture, art of architecture, art style, engineering structures, the aesthetic spiritual world of man, the philosophy of space formation.

Архитектура – кеңістіктік ғылымы. Ашық және жабық кеңістік жүйелерінің философиялық мәні. *Сәулет өнері* – құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері. Архитектура латынша «architectura», ал грекше «architekton», яғни құрылысшы деген мағынаны білдіреді. Архитектура туындылары адамның күнбе-күнгі тіршілік ортасын қалыптастырады. Олар: әр түрлі қажеттіліктерді атқаруға арналған және адамның эстетикалық талғамына жауап бере алатындай болып салынған тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер. *Сәулет өнері* – техниканың, ғылымның және өнердің тоғысқан жері.

Адамзат – жаратылысы табиғи немесе өзі қолдан жағдай жасаған кеңістікте өмір сүреді. Өмір заңдарының талабына сай осы ортаны өзгерту үшін тынбай еңбек етеді. Бұл кезде осы процестерді іске асыруда сәулет өнері шын мәнінде кеңістікті пайдаланудың негізгі қозғаушысы болады. Бірақ кей сәттерде сәулет өнерінің негізгі ерекшеліктері көзге көрінбей, не ескерілмей қалады. Сәулет өнерінде – кеңістіктегі туынды онымен тығыз байланысып, көз қуантарлық өнер туындысы болуы, әрбір сәулетшінің негізгі міндеті, шешуін талап ететін мәселесі. Сәулетшінің құпиясы көп кеңістікте толыққанды композицияны жобалауы, оның өмір сүру ортасының жан-жақты зерттелуімен түсіндірілетіндіктен туындайтын қиындықтар көп болатыны белгілі.

Адамдардың архитектурасы басқаша жерге қоныс аударуының эстетикалық әсері –тіршіліктің басқа бір формасына ауысқандай әсер етеді. Сәулет өнерінің табиғаты-көлемді кеңістік өнер, оның мақсаты – адамның тіршілік ортасын жан-жақты: жанын жадыратып, материалдық тұрғыдан тиімді әрі әсем орта жасау. Және де архитектуралық композиция шын мәнінде адамзатқа идеологиялық, эстетикалық рухын байытатындай, сай келетіндей болуы керек. Керемет үш өнердің: сурет, скульптура және сәулет өнерлерінің ішінде – архитектура ғана кеңістіктік өнер. Живопись (сурет) – екі өлшемді, скульптура – үш өлшемді, ал архитектура – төрт өлшемді өнер және адамның эстетикалық жан дүниесіне әсер ететін, адам эмоциясын көркемдігімен байытатын сұлулыққа шақыратын өнер.

Жақсы шешім тапқан архитектуралық композицияға түскен адам бір керемет көңіл күйге бөленеді. Ертедегі сәулетшілер сәулеткердің жұмысының сәттілігі – оның уақыт пен кеңістіктің, табиғаттың үйлесімділігін түсіне білуде екендігін жақсы білген. Негізгі мақсат – сәулет өнерінің туындысы табиғатпен әдемі үйлесіп, әрі сәнді, әрі мәнді, сұлулықты, жайлылықты, жеңілдікті жырлайтын болуы керек. Мысалы: Болгарияның ескі астанасы Тырноводағы ескі қорған-сарайдың табиғатпен үндестігі адам таңданарлықтай. Биік тас шыңдармен бірге туғандай ұштасып, ерекше сұлулық туындап тұр, немесе Венеция сәулетінің керемет өрнектері аралдың табиғатымен астасып, адамның қолымен емес, табиғи туынды тәрізді әсер береді.

Архитектура философиясы және оны зерттеу – өте ауқымды, көп түрлі мәліметке, қиял мен ойларға бай әлем. Сәулет өнерінің философиясының мәнін терең түсіну, түрлендіру логикасын меңгеру атамзаманнан бастап түрлі көзқарастарды туғызды. Көптеген зерттеуші ғалымдардың алдында, жаңа архитектуралық формалардың туындауы, архитектуралық кеңістіктің ішкі логикасына, тіршілік әлеміндегі ертеден келе жатқан айналамен үйлесімділігіне сай болуын қалай жасауға болатындығын шешу мәселесін туғызған философиялық сұраққа жауап табу керектігін мәселе етіп қойды.

Лексикон бойынша – «сәулет» немесе «архитектура» сөзі латынның «arsitectura» – құрлыс өнері деген және ертедегі грек тілінде «архэ», «текто» деген «бірінші туынды», «бірінші құрылым» – «первосоздания», «первотворение» деген сөздерінен шыққан. Орыс тілінде «зодчий» – «здатель», «зиждитель», «творец»– деген мағынада, осыдан «здания» одан «созидание»– деген түсінік туындайды. Осыдан архитекторды әлемді жаратушы деген сөзбен теңестіріп, адамзат өмірінде қандай орын алатындығын ашық көрсеткен. Бірақ архитектураның дамуын ертеден қалған мәдениет ескерткіштермен түсіндіру мүмкін емес. Кез келген бір архитектура дәстүрін зерттеу үшін сол кездегі сәулет өнерін және оның кеңістіктегі қалыптасу философиясын терең зерттеу керек. Онтологиялық және гносеологиялық аспектілерін анықтап алу.

Мәдениеттің негізі болып саналатын архитектура мен әдебиет – *диалектиканың айрылмайтын қосағы*. Жазбаша не ауыз әдебиеті фольклор сәулет өнерінің жыршысы, ал архитектура сол жырлардағы әлемнің негізі, арқауы, дәстүрі. Олардың түп негізі – Жаратылыстың бірінші қалыптасқан қарапайым мәдениеті. Ертедегі үнді елінің Упанишадысында дүниенің негізі – кеңістік деп түсіндіріледі. Фалес болса, кеңістік тек негізі ғана емес бар болмысы деп санайды. Вертикаль бойынша дүние үштіктен тұрады, сондықтан онда барлығының орны бар. Кез келген тіршілік иелері оның ішінде адам дакеңістікте дамиды, өзінің жоғарғы және төменгі қалпын анықтай алады. Өзіндегі адамға ғана тән табиғи эгоцентризмге сүйене отырып, кеңістіктің нақ ортасына орналастырады.

Кеңістіктегі өз орнын табу – дамудың ерте сатысындағы онтогенез бен филогенездегі қалыптасқан көзқарасты сипаттайды. Бұл қасиет адам бойында неолит дәуірінен басталған. Адам өзінің табиғаттағы орынын жақсы түсінген, ерте дүниеден бастап Ренессанс дәуіріне дейін дамып, толық қалыптасу билігін иемденген. Дүниетану принциптерін түсінген адам үшін дамудың келесі жоғары сатысына өту заңдылық болды. Европалықтар дүниені діни көзқарастарына сай жұмақ, тамұқ және жер бетіндегі өмір деп, бөліп қарастырып, үшке бөлді: көк, жер және жерасты. Адам жердегі тіршіліктің кіндігі, ал жербетіндегі тіршілік – әлемнің кіндігі деп қарастырылды. Адам болса шығармашылық қасиеті дамыған тірлік иесі: ол онтологиялық даму сатыларында дүниені сезінуді, дүниені тануды, дүниені түсінуді толық игерді. Дүниені түсіну деген адамның бойында шығармашылық жасампаздық идеяларының тууына себеп болды.

Архитектурадағы өзгерістер – тек стилдің немесе инженерлік конструкцияның өзгеруі ғана емес, сол құрлысқа ерекше өзіне ғана тән: сол елдің дамуын, өсу талаптарын сипаттайтын, замани философиясы арқылы жан беру. Классикалық философиялық дискурс көптеген құрлыста пайдаланылатын терминдермен байыды. Философиялық талдаулар архитектура терминдерін пайдалану арқылы жасалады. Содан келіп қаланың архитектурасы сол қаланың философиясы болып есептеледі. Архитектуралық терминдерден тұратын метафора философиялық дискурстың каркасы болады. Қала сәулеті – оны болашақта тұрғызуда материалдық конструкциясы ретінде философиялық метафораларымен құрлыстың медиаторы болады. Европа эвклидтік геометрияның және қатты заттар физикасының дамып өркендеуіне байланысты геометриялық стилдегі құрлыстарды салуды кеңінен қолға алды. Содан келіп архитектурада негіздеу, конструкциялау, сүйене отырып деген терминологиялар пайда болды. Декарт осы тәсілді өзін дәлелдеу мақсатында ғимараттарды немесе тұтас қаланың түбінен өзгеруіне әкеліп соғады деген болатын.

Архитектура екі түрлі функция көрсетеді: біріншіден ол архитектура яғни сәулет өнері болса, екіншіден ойластырылған философияның моделі. Және де ол философияның жазбасы ғана болып қалмайды, егер де ол

архитектураның метафоралық түсінігі ретінде қабылданса парадигма: сөйтіп ол белгілі бір дәстүрдің философиясы болып, соның шешулерін, олардың әртүрлі тәсілдерін іздестіріп, универсумның матрицасы болады. Архитектураны бейнесін философияның көмегімен өзгерте алмаймыз, себебі философияның өзі архитектураның бейнесін иемденіп алған. Бір жағынан философия архитектураның тарихын, табиғатын түсіндіргісі келгенмен, екінші жағынан сәулеттің дискурсы оның мәнінен шыға алмайды.

Қорыта айтқанда, архитектура екі функциялы: біріншіден, ол архитектура немесе сәулет өнері, ал екіншіден, ол ойдағы философияның моделі. Архитектура тек философияның жазбасы ғана емес, метафора ретінде қабылданып, парадигма ретінде өмір сүреді. Ол философияның белгілі бір дәстүрін, мәселелерін және олардың шешу жолдары мен тәсілдерін қарастырады. Архитектуралық парадигма матрица бейнесінде өмір сүріп, универсумның жаратушылық қасиетін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Архитектура // Большая Советская Энциклопедия. 3-е изд. / Гл. ред. А. М. Прохоров. – М.: «Советская Энциклопедия», 1970. – Т. 2. Ангола – Барзас. – С. 296-302.
2. Мир архитектуры. – Москва: «Молодая гвардия», 1990. – 351 с.
3. Гегель Г.В.Ф. Энциклопедия философских наук / Соч., Т. 1., М.-Л.: «Советская Энциклопедия», 1929. – С. 148.
4. Гайденко П.П. Бытие и разум // Вопросы философии. – М.: «Наука», 1997. – №7 – С. 114.
5. Малый энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона. – М.: «Советская Энциклопедия», 1998.

УДК 37

*Мухабает Н. Ж.,
Қазақстан тарихы және әлеуметтік -гуманитарлық
пәндер кафедрасының аға оқытушысы*

БІЛІМДІ КАПИТАЛҒА АЙНАЛДЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Түсініктеме

Мақалада адам капиталын дамытуда заманауи білім беру жүйесінің маңыздылығы мен жолдары қарастырылады. Сонымен қатар адам капиталының қазіргі қоғамды дамытуда атқаратын рөлі мен инновациялық үлгілері көрсетілген.

Түйін сөздер: Әлеуметтік экономика, потенциал, адами капитал, инновациялық басымдық, инвестиция, технология.

Аннотация

В статье рассматривается значимость системы образования в развитии человеческого капитала. А также роль и инновационные приоритеты человеческого капитала в развитии современного общества.

Ключевые слова: Социальная экономика, потенциал, человечески капитал, инновационные приоритеты, инвестиция, технология.

Annotation

The article considers the importance of the education system in the development of human capital. And also the role and innovative priorities of human capital in the development of modern society.

Key words: Social economy, potential, human capital assets, innovative priorities, investment, technology

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық стратегиясының бағыты мен басымдылығын айқындауда әлемдік үрдістің беталысына талдау жасай отырып қоғамдық өмірде, жалпы экономиканың даму үрдісіне қандай факторлардың әсері маңызды екенін білу керек. Бүгінде қоғамдық дамудың басты факторы болып ғылыми-техникалық жаңару емес, адам сапасы тұр.

Қазіргі таңда кезде адам ресурстарын тиімді қолдану мәселесі өзекті болып табылады. Сондай-ақ бүгінгі таңдағы экономикалық жағдайда шешуші рөл адамдікі, сондықтан адам капиталын жан-жақты қолдану қажеттігі туындайды және туындап отырады.

Адамның сапалық параметрлерін қалыптастырушы және жетілдіруші рухани өндірістің маңызды салаларының бірі-білім беру саласы. Білім беру бір жағынан, тұтас ұлттың интеллектуалды потенциалының дамуы және тереңдеуінің факторы болса, екінші жағынан-адам мүмкіндіктерінің барынша жүзеге асуының іргелі алғышарты. Білім беру экономикалық өсудің маңызды факторы, әлеуметтік теңсіздікті жеңілдетудің және жұмыссыздыққа қарсы құрал ретінде қарастырыла бастады. Әсіресе білімі және біліктілігі жоғары адам прогрессивті қоғамдық өзгерістердің көзі және қуатты қозғаушы күші ретіндегі өзекті мәселеге айналды.

Адамды немесе өндіргіш қабілеттерін капитал ретінде қарастыруға төмендегі себептер негіз болды: біріншіден, өндіргіш қабілеттер қорлана алады және белгілі бір қосымша потенциалды құрады; екіншіден, білім беруге және тәрбиелеуге жұмсалған шығындар нақты инвестициялар болып табылады; үшіншіден, адамның қабілеттерін қалыптастыруға, дамытуға жұмсалған қаржы өнімді сипатта, өйткені ол болашақ табысты, өнімді және ұлттық байлықты көбейтеді.

«Адами капитал» идеясының тұтас концепция ретінде қалыптасуы ХХ-ғасырдың 60-жылдарында аяқталды.

Адами капитал идеясының тұтас концепция ретінде қалыптасуы стихиялы, өздігінше емес, керісінше, экономикалық ғылымның әлеуметтік тапсырысты, белгілі бір қоғамдық қажеттілікті орындауы ретінде жүрді.

Адами капитал теориясы қазіргі күйінде американдық экономистер-«Чикаго мектебінің» өкілдері Т.Шульц пен Г.Беккердің басылымдары негізінде қалыптасты. Адам капиталы теориясының әдістемесінде қазіргі экономикалық ой-пікірлер ішінен басқа да ағымдарының әсері бар екендігі байқалады. Соның ішінде, білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу, білімнің экономикалық өсу қарқынына және ұлттық табыс өсіміне әсері проблемаларын зерттеуде неокейнсиандық көзқарастың үстемдігі байқалса, экономикалық талдауға жанұя, мектеп т.б. қоғамдық институттарды тарту идеясы және олардың қоғамдағы басқа да әлеуметтік, шаруашылық мекемелері арасындағы байланыстарын анықтау бұл теорияға қазіргі экономикалық ғылымның әлеуметтік-институционалдық ағымының әсерін көрсетті [6,89-б].

Посткеңестік экономика ғылымындағы адам капиталы теориясының ірі зерттеушілерінің бірі С. Дятлов адами капитал «инвестиция нәтижесінде қалыптасатын, қоғамдық ұдайы өндірістің кез-келген сферасында мақсатты пайдаланатын, еңбек өнімділігін және өндірістің тиімділігін арттыратын, осы арқылы адамның табысын өсіретін адам бойында жинақталған (қорланған) денсаулық, білім, дағды, қабілеттер, мотивация қоры» деген көзқарасты білдірді. Сонымен қатар адам капиталын «индивидтердің өзінің оқуына, білім алуына және басқа да өнімділікті арттыратын іс-әрекет түрлеріне уақытты инвестициялау арқылы қалыптасатын іскерлік пен дағдылар» ретінде анықтайды. Адами капитал, өзге капиталдың кез келген түріне тән белгілерге ие, сонымен қатар оның елеулі айырмашылығы бар. Адам капиталы теориясы жөніндегі ресейлік жетекші маман С.А.Дятлов осы құбылыстың мынандай ерекшеліктерін көрсетті:

1. Инвестициялардың адам капиталына қайтарымы оның иесінің өмір сүру мерзіміне (еңбекке қабілетті кезеңнің ұзақтығына) тікелей қатысты болады. Адамға жұмсалымдар неғұрлым ертерек жасалса, соғұрлым ол тезірек қайтарым жасай бастайды. Бірақ мынаны ескеру керек, неғұрлым сапалы және ұзақ мерзімді инвестициялар анағұрлым жоғары және анағұрлым ұзақ уақыттық нәтиже береді.

2. Адами капитал тек табиғи және моральдық тозуға ғана душар болмайды, сонымен бірге ол жинақталу мен көбеюге де қабілетті. Адам капиталының тозуы, біріншіден, адам организмі мен оған тән психофизиологиялық қызметтердің табиғи тозу дәрежесімен, ал екіншіден, білімнің ескіруінің немесе алған білім құндылығының өзгеруінің салдарынан болатын моральдық (экономикалық) тозу дәрежесімен анықталады. Адами капиталдың толықтырылуы қызметкердің қайта оқу және өндірістік тәжірбие жинақтау үдерісінде жүзеге асырылады. Егер осы үдеріс үздіксіз жүретін

болса, онда адам капиталын пайдалану шамасына қарай оның сапа және сан жөніндегі сипаттамалары (сапа, көлем, құндылық) жақсара түседі және өседі.

3. Адами капиталдың қорлану шамасына қарай оның табыстылығы белсенді еңбек қызметінің (белсенді еңбекке қабілетті жас) жоғары шегімен шектелетін белгілі бір межеге дейін жоғарылайды да, сонан соң күрт төмендейді.

4. Капиталды жасау кезінде «екі жақты көбейткіш нәтиже» орын алады. Оның мәні былай, оқу үдерісінде тек оқитын адамның ғана емес, сонымен бірге оқытушының да мінездемесі мен қабілеті жетіле, өсе түседі, ол кейіннен біріншісінің де, сондай-ақ, екіншісінің де табыстарын өсіреді.

5. Адамға жасалатын инвестициялардың барлығы бірдей адам капиталының жұмсалымдары болып таныла бермейді, тек қоғамдық мақсатқа сай және экономикалық қажеттіліктері ғана осындай жұмсалымға жатады. Мәселен, қылмыстық әрекетке байланысты шығындар адам капиталына жасалатын инвестициялар болып саналмайды, өйткені олар қоғамдық тұрғыда мақсатқа сай емес және қоғам үшін зиянды.

6. Адамға жасалатын жұмсалымдардың сипаты мен түрлері тарихи, ұлттық, мәдени ерекшеліктерден және дәстүрлерден тарайды. Мәселен, білім деңгейі мен балалардың мамандық таңдауы едәуір шамада отбасылық дәстүрлерге және олардың ата-аналарының білім деңгейіне байланысты болады.

7. Капиталдың өзге әр түрлі нысандарына жасалатын инвестициялармен салыстырғанда адами капиталға жұмсалатын инвестициялар жеке дара тұрғысынан да анағұрлым пайдалы. [1,49-б].

Отандық экономика ғылымында адам капиталы теориясы бойынша зерттеулер енді қолға алынып келеді, олар көбіне фрагментарлы түрде кездеседі. Отандық экономистерден академик Я.Ә.Әубәкіровтың, К.Н.Нәрібаевтың, С.К.Жұмабаевтың көзқарастарына тоқталған жөн.

Академик Я.Ә.Әубәкіров адами капиталдың әртүрлі ғалымдардың барлық жетістіктерін, білімді, дағдыны, жинақталған тәжірбиені және олардың әлеуметтік экономикалық прогресте қолданылуын біріктіретін кең масштабты ұғым ретінде түсінеді. Оның пікірінше, адам капиталы білім беру және ғылым салаларына, денсаулық сақтауға, білікті мамандарды ұдайы өндіруе мақсатты бағытталған инвестициялар нәтижесінде қалыптасады және ұлғаяды. Академик Я.Ә.Әубәкіров адам капиталын қоғамдық еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз ететін шешуші күш ретінде қарастырады.

Келесі авторлар ұжымы адам капиталын «индивидтердің өзінің оқуына, білім алуына және басқа да өнімділікті арттыратын іс-әрекет түрлеріне уақытты инвестициялау арқылы қалыптасатын іскерлік пен дағдылар» ретінде анықтайды.

Отандық ғалымдардың көзқарастарына сүйене отырып мынадай тұжырымдарды көрсетуге болады.

- заманауи білім, білімді қолданудағы іскерлік пен дағды арнайы әдістемелік жүйе мен іс-әрекет түрлері арқылы қалыптасады;

- адами капиталдың қалыптасуы мен дамуы белгілі бір қаржыны қажет етеді;

- бөлінген қаржылар инвестициялық сипатта болады;

- білімді қолданудағы іскерлік пен еңбек өнімділігі арасында тығыз байланыс дамудың негізгі факторы ретінде көрініс беруі қажет;

Осы тұжырымдамаларға сүйене отырып адам капиталы категориясының экономикалық мазмұнын ашуға талпынастар жасау өте маңызды..

Кез-келген экономикалық категория-экономикалық көзқарастар жүйесіндегі белгілі бір талаптардың логикалық көрінісі, жеткізілуі. Демек, адам капиталы экономикалық категория ретінде біздің ойымызша іскерлікті, дағдыны, т.б. қабілеттерді қалыптастыру, өндіру, тұтыну, жалғастыру үрдісінде қалыптасатын экономикалық қатынастарды көрсетеді.[2,26-б].

Адам капиталының сапасы оның білім деңгейіне және оны өндірісте қолданудағы алғышарттарға байланысты болып отыр. Қазақстанда объективті жағдайларға байланысты адам капиталының тапшылықтарын көруге болады. Әрине ол дамыған елдерде жаңадан ашылып жатқан жаңалықтардың білім беруде тілді білмеуге байланысты көрініс таба бермеуі, ақпараттың тапшылығы, алынған білім мен өндірістің арасындағы тығыз байланыстың болмауы ұсыныстық дағдарысты тудырып отырғандығын көруге болады.

Кез келген елдегі білім беру жүйесі – ұлттық мәдениеттің және танымның көрсеткіші болса, ол экономика, саясат, мәдениет саласындағы өзгерістерді көрсетіп қана қоймай жаңашылдыққа бетбұрыс жасауда үздіксіз процесс ретінде дамып отыруы қажет. Сондықтан бүкіл әлемде білім тұлғаны әлеуметтік-экономикалық үдеріске тиімді қатысуын қамтамасыз ететін негізгі фактор болып саналады және білім беруге ерекше назар аударылады. Адамның сапалық параметрлерін қалыптастырушы және жетілдіруші рухани өндірістің маңызды салаларының бірі-білім беру саласы.

Білім беру бір жағынан, тұтас ұлттың интеллектуалды потенциалының дамуы және тереңдеуінің факторы болса, екінші жағынан-адам мүмкіндіктерінің барынша жүзеге асуының іргелі алғышарты. Білім беру экономикалық өсудің маңызды факторы, әлеуметтік теңсіздікті жеңілдетудің және жұмыссыздыққа қарсы құрал ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда білімі мен біліктілігі жоғары адам прогрессивті қоғамдық өзгерістердің көзі және қуатты қозғаушы күші ретіндегі өзекті мәселеге айналды.

Қазақстан Республикасының білім беру стратегиясындағы басты концепция-ұлттық білім моделін жасау. Ұлттық білім үлгісінің негізгі мақсаты-адамның ең негізгі құндылық ретінде мойындау және сол тұрғыда қалыптастыру, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, мәдени-рухани дамуына ерекше мән беріп, сол арқылы оның рухани жан

дүниесінің жетілуіне, әлеуметтік-саяси көзқарастарының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, әлеуметтік мәдениетінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай туғызу. Яғни, келешек маман білікті әрі білімді, ең алдымен рухани тұрғыда кемелденген, ұлттық ділі мықты, әлеуметтік мәдениеті қалыптасқан, халық, ұлт алдындағы жауапкершілік сезімі жоғары дара тұлға болуы тиіс. Осы мақсатты жүзеге асыруда бірнеше ұстанымдарды айқындап алу қажет.

- икемді, мобильді жоғары білім беру жүйесін қалыптастыру;
- жоғары оқу орындарының адаптациялық потенциалын көтеру;
- оқу орындарындағы академиялық және ұйымдастыру құрылымын, ондағы инфрақұрылымдарды жетілдіру;
- әдістемелік жүйені және білім беру технологиясын реформалау;
- педагогикалық үрдісті жетілдіру, педагогикалық құрам сапасын жақсарту.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың осы жылғы жолдауында адам капиталын дамыту мақсатында білім берудегі жаңашылдыққа басты назар аудару қажеттілігі қарастырылған.

Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс. Біздің міндетіміз-білім берудегі экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT- білімді, қаржылық сауаттылықты, қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту керек.[3].

Білімді капиталға айналдыру технологиясы арқылы білім жүйесін жан жақты дамыта отырып бәсекеге қабілетті маман дайындау және оның іскерлік дағдыларын жүзеге асыруға жағдай жасау. Екіншіден, білімді капиталға айналдырудың технологиясы арқылы кәсіпкер маман дайындай аламыз, бұл дегеніміз жұмыссыздықты жоюға көп көмегін тигізбек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дятлов С.А. Основы теории человеческого капитала. Изд-во Санкт-Петербургского университета экономики и финансов, 1994.

2. Изотов М.З. Формирование человеческого капитала в Казахстане. - Алматы, - 2011.

3. Қазақстан Республикасының Президенті- Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 31.12 2017 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.

ӘОЖ 94(574)

*Шөкенов Б.С. т.ғ.к., профессор***“АЛАШ АРМАНЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ”****Түсініктеме**

Мақалада Алаш зиялыларының Қазақ еліне жасаған еңбектері баяндала келе олардың ісін жалғастырушы және орындаушы ретінде Н.Ә.Назарбаевтың еңбектері жайлы баяндалады. Сондай-ақ, Алаш зиялыларының кезінде қазақ әйелдері де тыс қалмағаны жайлы, олардың ер азаматтарымен бірге еңбек еткені туралы мақалада жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: Алаш-Орда, зиялы қауым, Алаш әйелдері.

Аннотация

В данной статье описываются работы Алашской интеллигенции, а также труды Н.А. Назарбаева как приемника и исполнителя, а также история казахских женщин, которые работали плечом к плечу вместе с мужчинами.

Ключевые слова: Алаш-Орда, общество уважаемых людей, женщин Алаша.

Annotation

In this article described the works of Alash's intellectuals, and also works of N.A. Nazarbayev as successor and performer, also the history of kazakh women, which worked together with men.

Key words: Alash-Horde, society of respectful people, women of Alash.

Кіріспе. Сөз басында айтарым ҚР-ның президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру деген мақаласында, «Ұлттық жаңғыру» деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді [1] дейді.

Ендеше қазақ елінің асыл қайраткерлері яғни алаш зиялы қауымы сол уақыттың өзінде қазақ халқының мәдениеті мен саяси санасының өсуіне үлкен мән бергенін көреміз. Әсіресе Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтар сол кездегі саяси жағдайға ғана мән беріп қана қойған жоқ, халықтың ертеңін ойлады.

Қазақ елінің дәстүрлі шаруашылығы мен мәдениетінің қаймағын бұзбай сақтап қалғысы келді. Кеңес үкіметінің құрылуы, феодалдық мешеулікте жатқан қазақ халқының ұлттық санасын оятуда қазақ зиялыларына бірігіп жұмыс істеулеріне жол ашты. Олар газет, журнал т.б. басылымдар шығарды. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсыновтың мына сөзін келтіре кетуге болады. «Газет – халқының көзі, құлағы ыәм тілі» [2] – ден көрсетті.

Себебі, адамға көз, құлақ, тілді көріп біліп түсіну үшін Аллах тағала жаратқан болса, газет-халықтың санасын, ойын, дүние танымын ояту үшін

керек болды. Өз газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ қоңырау, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр, дүниеде болып жатқан істерден бейхабар бейшара сормандай болған болар еді. Ұлттық зиялы қауым сол кездегі Патшаның цензуралық саясатына қарамастан халықтың болашағын ойлап жұмысқа белсене араласты. Олар ұлт тағдыры үшін табандылықпен күресті.

Негізгі бөлім. Алаш азаматтарының негізгі мақсаттарының бірі, халқының білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу еді. Мұндай қасиет қанымызда бар халықпыз ғой.

XX ғ. басындағы бірінші орыс революциясы басып, шаншылғаннан кейін Столыпиннің аграрлық реформасы бойынша Қазақстанға жаппай қоныс аудару күшейтілді, ол жер мәселесінің шиеленісуіне және отаршылдықтың күшеюіне алып келді. Мұның бәрі ұлттық және әлеуметтік езгіге қарсы халықтың бас көтеруіне негіз жасап берді. Міне сол кезде жарыққа шыққан «Айқап», «Қазақ» газеттерінің шығуы отарлық езгіге қарсы күрестің мазмұнына сапалық өзгеріс енгізуде және қоғамдық саяси ойдың дамуына үлкен серпін берді. Сөйтіп бұл басылымдардың шығуы халқының саяси және рухани өмірінде терең із қалдырды. Ахмет Байтұрсыновтың қазақ әліпбиін жасауының өзі бүгінгі күнді ойлағаны деп түсіну қажет. Латын тілінің болашағы зор екенін сол кезде-ақ түсінген.

Осы латын әліпбиіне көшу туралы Н.Ә. Назарбаевтың рухани жаңғыру мақаласында, «Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI - ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты» - деп айтуы [3] өте орынды. Біріншіден, латын әліпбиі біздің тілімізге еш кедергі келтірмейді. Екіншіден, ағылшынша оқуға өз жеңілдігін тигізеді. Үшіншіден, менің түсінігім бойынша латынша арқылы орыс тілді халықты қазақша сөйлеуге үйретеді деп ойлаймын. Шынына келгенде, А. Байтұрсыновтың әліпбиі ұлттық құндылықтарымыздың бірі. Міне көріп отырсыздар қазақ зиялылары өте білікті де білімді және мәдениеті жоғары болған. Олар орыстың алдыңғы қатарлы интеллектуалды ағартушы ғалым жазушыларынан асып түспесе кем болған жоқ. Осы арада мынадай сұрақ туады. Осындай жазу-сызуы болмаған халықтың арасынан қалай осындай білімді, білікті адамдар шыққан? - деп, олар көп ізденді, көп оқыды. Жұмысшы табының көсемі болған В.И. Лениннің еңбектерін парақтап оқыған десем қателеспеймін. В.И.Лениннің «Жер туралы» декретін, «Ұлт мәселесі», «Ұлттардың өзін-өзі билеуі» - деген еңбектерін оқып зерттеген. Әрине ұлы көсемнің қателіктері көп болды. Дегенмен де осы еңбектерінде халықтың ұлттың тағдыры туралы жазған еді. Ал Ахмет Байтұрсынов соны шебер пайдалана білді. Әрбір ұлттың өзінің мекендейтін территориясы, тілі, діні болуын жақсы түсінді. Сондықтан да ел жұрттың алғашқылары болып Алаш қозғалысын ұйымдастыру мақсаты содан еді.

Қазақ ата-бабамыз айтады ғой Ел болам десең бесігінді түзе деп, міне сондықтан, Алаш атқа мінерлері ең алдымен ел қамын ойлауға кірісу себебі

де осында жатыр. XX ғ. басындағы қазақ жері талан-таражыға түсті. Қазақтар байырғы жерлерінен қуылды, үйсіз малдарының жағдайын ойлап ығысып көшуге мәжбүр болды. Міне осындай ауыр әлеуметтік жағдайлар мен дүниежүзілік соғыстың әкелген қиыншылықтары қазақ халқының ұлт азаттық қозғалысқа шығуларына жол ашты. Осындай ауыр жағдайда Алаш ордалықтар қазақ мәдениеті мен білімді дамытуда үлкен жұмыстар жасады. Бұл жерде айта кететін бір мәселе Алаш ордалықтардың қызметіне араласып еңбек еткен қазақтың тұңғыш қыздары да болғанын көреміз. Оны біреу білсе, біреу білмейді. Мысалы, Нәзипа Құлжанова XX ғ.бас кезінен бастап қазақтың білім саласының, қазақ журналистикасының, этнография ғылымының, сонымен қатар мәдениеті мен әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан қоғам қайраткері. Нәзипа апамыз 1917 ж. Өткен Семей қаласындағы съезге белсене араласқанын және сол съезде төралқа мүшесі болғанын көпшілік біле бермейді. Сондай қиын-қыстау кездерде Қазақ әйелдерінің саяси жұмысқа араласуы қазақ елінің мәдениетінің жоғары болғанын, сауатты да білімді, білікті халық екенін көрсетсе керек. Нәзипа Құлжанова 1902 ж. Қостанайдағы қазақ-орыс гимназиясын тәмамдап, Орынбордағы екі жылдық мұғалімдер мектебін бітірген. Кейіннен Семей қаласына келіп мұғалімдік қызмет атқарған.

1914 ж. Абай Құнанбаевтың қайтыс болуының 10 жылдығына орай үлкен мәдени кеш ұйымдастырғанын, сондай-ақ, жас жазушы Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасының қойылымын ұйымдастырған.

Тіпті Н.Құлжанованың алғырлығы мен еңбекқорлығына, қазақ қызының өжеттігіне арнап Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин сияқты қазақ зиялылары өлең арнап жазған. Оны А.Байтұрсыновтың мына өлең жолдарынан көруге болады.

«Рахатсыз – өтсе де өмір жасым,
Бұл жөнімнен құдайым айырмасын.
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққасын,

Жарым жолда қайтпасын, қарындасым!...» деп сапарға шығарында оған жақсы тілеу тілегенін көруге болады.

Нәзипа апамыздың домбырамен ән айтатын өнері де болған. Оған себеп Семей қаласына келген атақты композитор қазақ әндерін зерттеуші А.Затаевич «Ғайни-су», «Сәулем», «Қадыр зары» атты әндерін нотаға түсіріп алған. Оның қазақ журналистикасына сіңірген еңбегі де баршылық. 1913 жылдардың өзінде «Қазақ» газетіне әйелдер теңдігі және басқа да тақырыптар жөнінде мақалалар жазып танымал болғанын көруге болады. Сондай-ақ, орыс жазушысы ғылымдарының еңбектерін оқып, оны аударумен айналысқан. Мысалы: Л.Н.Толстойдың, В.Гороленконың, М.Горкийдің еңбектерін аударып қазақ еліне таныта білгенін де байқаймыз.

Нәзипа Құлжанованың өмірі мен қызметі және еңбектері тек тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана зерттеліп, жазыла бастады. Айтар ойымыз, қазақ зиялы қауымның қазақ даласында жүріп еліне деген

сүйіспеншілігін осындай еңбектерден көруге болады. Алаш азаматтарының алдыңғы қатардағы ұл қыздары қазақ халқының ғасырлар бойы орталық езігіе қарсы азаттық күресін сонымен қатар қазақ мәдениетін, тілін, дінін өз заманында сапалық деңгейге көтеріп кетті десек артық айтпаған болар едік. Олар халықты қарулы көтеріліс жасаудан сақтандыра отырып, саяси интеллектуалдық деңгейге көтерілуді ойлаған ұлы даланың ұлы философтары еді.

Қорытынды бөлім. Сөзді қорыта келгенде айтарымыз Н.Ә.Назарбаев Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» мақаласында «Ұлттық салт дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» [5] – деп шегелеп айтуы, ұлттың болашағын ойлау деген сөз. Яғни ұлттық кодты дамыту деген сөз. Ол ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүріміз бен мәдениетіміз болып табылды. Дегенімен де, байырғы кертартпа ұғымдар мен салт-дәстүрге тонын айналдырып алған теріс ұғымдар мен тәрбиеден әрқашан аулақ болуымыз қажет деп ойлаймын. Мына өлеңімді алаш азаматтарына арнадым.

Алаштың абзал азаматтары!

Азаматтары қазақтың
Алаш! деп, еліне ұран салды,
Алаш! деп, қазақты жалындатты.
Қазақ елі мәңгі болсын деп,
Алаштың жолында құрбан болды.
Өз алдына ел болу
Алаштың арманы еді.
Сол күн туып міне.
Азат ел, «Мәңгі қазақ елі»
Гүлденіп дархан болды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев // Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. Астана 2017, 8б.
2. Г.В. Кан, Н.У. Шаяхметов, Қазақстан тарихы. А., 2017. 163 б.
3. Н.Ә.Назарбаев //Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. Астана 2017, 16б.
4. Н.Ә.Назарбаев // Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. Астана 2017, 8б.

УДК 004.4*Сейдилдаева А.К., Желилова К.А., Омарова Р.Д.***FRONT PAGE ТІЛІНІҢ КӨМЕГІМЕН ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ
ЖҮЙЕСІН ЗЕРТТЕУ****Түсініктеме**

Берілген мақалада Front page бағдарламалау тілінің көмегімен электронды оқулық құру қарастырылады.

Аннотация

В данной статье рассмотрено создание электронного учебника с помощью языка программирования Front page.

Annotation

In this article the electronic textbook, which was created using a programming language Front page.

Кіріспе. XX және XXI ғасырлар аралығындағы ғылыми-техникалық прогрестің жеткен басты жетістіктерінің бірі- ақпаратты басқару құралдары. Ал ақпарат ағынын қажетті қор көзіне айналдырып және оны тиімді өңдеу құралы болып табылатын компьютерлік техниканы қоғамдағы салаларға ендіру басты мақсат болып отыр.

Негізгі бөлім. Қазіргі кездегі жедел жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті[1].

Ең алғашқы электронды есептеуіш машинасының пайда болғанына бір ғасыр да уақыт өтпегенін ескеретін болсақ, Internet-ті есептеуіш техника әлемінің ардагері деуге де болады. Алпысыншы жылдардың аяғында құрылған осы ауқымды желі Америка елдерінде көбінесе коммуникациялық желі ретінде қолданылған (ARPAnet деп аталған).

Бүгінгі күні Web-беттерді құруға арналған көптеген бағдарламалар, құралдар бар екендігін білеміз, HTML-редакторлары, графикалық дестелер бар және осылардың ішіндегі ең қуаттысы– Front Page бағдарламасы да Web-беттерді құру қызметін атқарады. Web-беттерді құруда бетті құру шеберін және дайын нұсқаларды қолдану ең оңай тәсіл болып табылады.

Мультимедиялық оқыту құралдары, білім берудің белгілі әдістерінің барлығын көрнекі түрде қолдануға мүмкіндік беретін мәтін, дыбыс және бейнекөрістерді құрастырады.

Жоғары оқу орындарында электронды әдістемелік оқу құралдарын жасау, технологиялардың бірыңғай тұжырымдамаларын енгізу мынадай мүмкіндіктер береді:

1. Студенттерді және оқытушыларды қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етуді жеделдету;
2. Білім берудің сапасын арттыруға мүмкіндіктер беретін ақпаратты жинау мен таратудың қосымша жүйелерін пайдалану;
3. Оқыту және біліктілік дәрежесін көтеру жүйелерінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып, студенттердің білім дәрежесін жақсарту;
4. Түрлі үрдістер мен құбылыстарды үлгілеу және бейнелеу;
5. Ақпараттандыру көмегі арқылы оқу процесін жетілдіру бағдарламалары мен жарыстарына қатысу, яғни жоғары оқу орындарының бәсекелестігін арттыру;
6. Әрбір студенттің жеке мүмкіндіктерін ескеру;
7. Жіберілген қателерді талдай отырып, студентпен кері байланыс орнату;
8. Студенттің ғылыми зерттеу жұмыстарына деген ынтасын арттыру;
9. Оқыту процесін көрнекілік құралдарымен қамтамасыз ету;
10. Басқада көптеген артықшылықтарды пайдалану.

Қазіргі кезде Қазақстандағы білім беру орындары компьютерлермен қамтамасыз етілген және көптеген оқушылар мен студенттер компьютерді оқу құралы ретінде пайдаланады. Осыдан ақпараттық технологияларды, атап айтқанда, электронды әдістемелік оқу құралын жасау технологияларының қажеттілігі қазіргі таңдағы аса маңызды мәселелердің бірі деген қорытындыға келуге болады[1].

Электрондық оқулықтарды құру ақпараттық материалдардың әркез жаңарып отыруына байланысты мәселені шешуге мүмкіндік береді. Оларда, сонымен қатар, жаттығулар мен мысалдардың мол болуы және ақпараттың әр түрінің көрнекі түрде берілуі мүмкін. Сонымен бірге электрондық оқулықтар көмегімен білімді тексеру – компьютерлік тест орындалады. Білім беру саласында электрондық оқулықтарды пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Электрондық оқулықтарды қолдану тәжірибесі студенттер мен оқушылардың берілген материалды сапалы түрде меңгеретінін көрсетті. Бұған тестілеу қорытындылары куә. Олай болса ақпараттық технологияның дамуы білім беруде жаңа әдістер мен әдістемелерді ойлап табуға және сол арқылы оның сапасын арттыруға толық мүмкіндік береді[2].

Электронды оқулықтың тиімділігі олардың қашықтықтан оқытудағы өз мүмкіндіктерін жетілдіріп, қазіргі жағдайда барлық білім алатын үйренушілерге ұсынылуында. Электрондық оқулықты пайдалану мұғалімнің де ғылыми-әдістемелік қорын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тестер арқылы оқушыны

жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтін түрінде, мультимедиалық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды пайдалану қарапайым оқулықтарға пайдалануға қарағанда ыңғайлы және оларда өзін - өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сондықтан, өзін - өзі тексеру жүйесі оқушы мен оқытушының арасындағы байланысын алмастырады да, оларды ауылдық жерлерде, мұғалім жетіспейтін жерлерде көбіне қажет етеді[2].

Front Page- Web-беттерді құруға арналған Microsoft Office дестесіне құрамдас программа болып табылады. Саймандар тақтасы және мәзір жолының командаларын пайдалана отырып, терезе интерфейсін жұмыс жасауға ыңғайлы болатындай етіп баптауға болады. Front Page программасында өзге да кестелерді, фреймдерді, жүгіртпе жолдарын, әр түрлі анимацияларды пайдалану мүмкіндігі бар. Web-беттер мен Web-түйіндерді құруды жылдамдату үшін дайын нұсқалар мен шеберлерді пайдалануға болады. Front Page программасы арқылы Web-түйінге Microsoft Office дестесінің құрамына кіретін Word, Excel, Access және Power Point сияқты программаларда дайындалған құжаттарды енгізу мүмкіндігі бар.

Front page тілінің тиімді пайдаланылуы білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін, формаларын құруға алып келеді. Мысалы, Internet технологияларының кеңінен таралуы қашықтықтан оқыту әдісінің дамуына мүмкіндік туғызуда. Мультимедиялық технологияның, компьютерлік графика мен машықтану жүйелерінің дамуы, кәсіби ортадағы іс-әрекетті бейнелейтін виртуалды жағдайға "ену" жолымен оқыту әдістемесінің құрылуына түрткі болды. Ал, компьютерлік желілік машықтандырушы топтарының пайда болуы, іскерлік ойындар мен сайыстар түрінде көп рольді машықтандыру әдістеменің дамуына ықпал жасады. Ал ақпараттық технология, оның ішінде Front page тілі оларды жаңа деңгейде ұйымдастыру мен өткізуге мүмкіндік туғызуда.

Сонымен Front page тілі дидактика мен әдістеменің жаңа қырынан дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Яғни, Front page тілін оқу процесінде пайдалану негізінде:

- білім беру сапасы артады;
- оқыту жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуге кететін шығындар азаяды;
- оқытушылардың оқыту барысында сабақ түсіндіру, бақылау алу, тапсырманың орындалуын қадағалау, бағалау, білім мен іскерлікті игеру деңгейлерін анықтау сияқты басқару жұмыстарының шығармашылық іс-әрекетке (ғылыми-ізденіс және әдістемелік мәселелерді шешу, оқу-әдістемелік құралдарды дайындау т.с.с.) көшуіне алып келеді;
- оқытудың мазмұны мен құрылымдарының өзгерістеріне қарай Front page тілі оқу процесін оқу-әдістемелік құралдармен(ОӘҚ) қамтамасыздандыруды жеделдетеді[3].

Front page тілінің сапасы оны оқу процесінде пайдалану барысында ғана анықталады. Қазіргі кезде Front page тілінің түрлі нұсқалары дайындалып, ұсынылуда. Ал, шет елдерде бұл бағытта зерттеулер жүргізіліп, Front page тілінде даярланған электрондық құралдар жасалынып, олардың кемшіліктері айқындалуда. Талдаулар нәтижесінде Front page тілінде оқу-әдістемелік құралдың электронды көшірмесі ғана кұрылатындығы анықталды[4].

Мысалы, дәстүрлі оқу-әдістемелік құралдарды даярлауда оның авторлары мен техникалық қамтамасыз ету жағын орындайтын (безендіру, көбейту, т.с.с.) мамандардың арасында айқын шекара бар. Ал Front page тілі көмегімен даярлауда оны баспа тарапынан оқулық ретінде қағазға шығарып, көбейтудің қажеттілігі болмағандықтан, оны жетілдіріп, жаңалап отырудың мүмкіндігі жоғарылайды. Бұл жерде Front page программалау тілі көмегімен электронды оқулық дайындау технологиясынан хабары аз оқытушылар дидактикалық материалды дәстүрлі құралдар шығару сияқты даярлау жеткілікті деп есептейді. Front page тілін пайдалануда оқу материалымен қоса, программалық өнімнің негізі болып есептелетін алгоритм және үлгілер де ескерілуі тиіс.

Демек, Front page тілі көмегімен электрондық құралдар даярлау түрлі саладағы мамандардың бірігіп жұмыс істеуімен қатар, көп зерттеулерді, талдауларды қажет ететін өте күрделі іс, яғни, Front page тілі көмегімен электрондық құрал даярлайтын мамандардың әрқайсысы өз саласын бойынша жан-жақты терең білім мен іскерлікті көрсетуі тиіс.

Қазіргі кезде, Front page тілінің көмегімен электронды оқу құралын даярлау үшін кем дегенде төрт түрлі базалық категориялы маман керек:

- оқу материалының авторлары;
- компьютерлік әдіскерлер;
- жүйелік программалаушы;
- пайдаланушылар.

Front page тілі көмегімен жасалған электрондық әдістемелік құрал - компьютерлік оқу құралы деп аталынып, білім берудің компьютерлік технологиясын кеңінен пайдалануға негізделген электрондық оқып-үйрену құралдарына жатады. Өз функционалдық мүмкіндіктеріне қарай компьютер қазіргі кезде оқытудың ең керекті жабдығына айналды, бірақ оны тиімді түрде пайдалану жолдарының әлі ашылмаған тәсілдері, күнделікті сабақтарға қолдану үшін әлі де айқындалатын жақтары көп екенін ғалымдар да, мұғалімдер де жиі айтып келеді. Соңғы кездегі компьютерлердің көптеп қолданысқа енуі бұл проблеманың өте өзекті мәселеге айналғанын тағы да дәлелдеп отыр[5].

Компьютерді пайдалана отырып оқыту әдісін жүзеге асыру жалпы білім беру ісін жетілдіру тәсілдерімен қатар тығыз байланысты белгілі бір пәннің өз ерекшеліктерін де ескеруді талап етеді. Мұнда төменде келтірілген бірқатар мәселелерді шешуге тура келеді, олар:

- компьютерді оқыту процесінің қай жақтарын жетілдіру үшін баса пайдалануға болатынын анықтау;
- оқыту процесін компьютерлендірудің деңгейін анықтау;
- компьютерге жүктелетін функциялар (іс-әрекеттер) тізбегін анықтау;
- әр пән бойынша оқытушылар мен әдіскерлерінің талап-тілектеріне сәйкес келетін компьютерлік оқу құралын жасау.

